19 ақпан күні 9-11 сынып оқушыларымен Целиноград ауданы ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы"КММ №6-20/19 2025ж 18 ақпан бұйрығына сәйкес теолог маманы Тебереков Жасшан Ермекбаевич "Жат ағымдардың алдын алудағы дәстүрлі діни ұстанымның орны" тақырыбында кездесу өткізді. https://www.instagram.com/p/DGPx2iZtClL/?igsh=aHpienJ5ZGlqbTR6

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларына арналған челлендж ұйымдастырылды. Жауапты кітапханашы.

12 ақпан күні АӘД жетекшісі Сагиндыков С.Е. 8-10 сынып оқушыларына Кеңес әскерінен Ауғаныстаннан шығарылған күннің 36 жыл толуына орай іс-шара өткізді. Іс-шараға Төңкеріс ауылының Ауған соғысына қатысқан ардагерлер қатысты. Олар: Танабай Сәкен Бекенович ,Оспанов Жанайдар Советович ,Махметов Құнанбай Советович ,Ибраев Марат Бекмагамбетович ,Жылқыбаев Мекебай Торгаевич. Бірінші бөлімінде соғыс ардагерлеріне арналған слайд, фото көрме ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды. 1 минуттық үнсіздік қойылды. Іс-шара мақсаты оқушылардың бойында Отанға,туған жерге деген сүйіспеншілігін ояту,оқушыларға Ауған соғысы жайлы мағлұмат беру,ержүрек ағалардың ерліктерін тенірек біліп тану.Оқушы бойында патриоттық сезім қалыптастыру,ерлікке,отаншылыққа, елжандылыққа,аталар,ерлігін мақтан тұта жалғастыруға баулу, оқушыларды Отанды сүюге, Отан алдындағы борышын түсіне білуге тәрбиелеу, және Әскери антқа адал болуға. Іс-шараның екінші бөлімі әскери –спорттық ойынмен жалғасты.
https://www.instagram.com/reel/DGSUdoNNigQ/?igsh=MTlrb20yZ3FwNnJ4bQ==
25 ақпан күні мектеп медбикесі Кикимова М.Ф. 6 сынып оқушыларымен «Темекі, ішімдікке қарсы күрес» тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізді. Оқушыларға салауатты өмір салтын ұстану , спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану кеңес берілді.
https://www.instagram.com/p/DGe_ZH5tDXi/?igsh=aGVvZTJrODlxcXph

НАУРЫЗ-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ-11 іс-шара

3 наурыз күні «Алғыс – ізгі ниет» тақырыбында мектеп парламенті «Алғыс айту парызың» тақырыбында іс-шара өткізді. Іс-шараға ата-аналар комитетінің төрайымы Ракишева Н.А. және ата-аналардың қатысуымен мектеп ұстаздары мен қызметкерлеріне тәтті сыйлықтан букет жасалып, тәтті көңіл күй сыйлады.

Кикимова М.Ф. 2-11 сынып оқушыларына «Туберкулездың алдын алу» бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/DGu1l5ft5qi/?igsh=NWk5cnQxODV1NHNw

5 наурыз күні 1-11 сынып оқушыларына «Туберкулез бұл не?» тақырыбында диктант алынды.

https://www.instagram.com/p/DGzpnUXNxXq/?igsh=NXBpajMyZmZ3ams5

5 наурыз күні 8 наурыз мерекесіне орай ұстаздармен «Көктем гүлі» тақырыбында мектеп психологі Рыскулова А.К. тренинг өткізді. Мақсаты: эмоционалды шаршаудың алдын алу жолдарын дамыту. Тренинг мұғалімдер үшін өте пайдалы әрі мазмұнды болды.

https://www.instagram.com/reel/DG0Nh2uta8j/?igsh=MWx0cWk0Y2htc2RydA==

6 наурыз күні мектептің ер азаматтары , өзін-өзі басқару мүшелері мұғалімдер мен оқушы қыздарды гүлмен қарсы алып, көтеріңкі көңіл сыйлады.

https://www.instagram.com/reel/DG5U569NUNk/?igsh=bm0xam4ycmxxbmdx

7 наурыз күні «Рахмет, анашым!» тақырыбында мерекелік концерт өтті. Мерекелік концертке бастауыш сынып оқушылары, 6,8 сынып оқушылары қатысты. Ән айтылды, би биледі. Мектеп директоры Шакиров А.Т. құттықтау сөз берілді. Мектеп ұстаздары аудандық білім бөлімінің алғыс хатымен марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DHDOWuXtgnD/?igsh=MXJ2YWgweTl0dWEzN

13 наурыз күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандық күні» тақырыбында Жаңаесіл ауылының агротехникалық колледжіне мамандықтар экскурсиясына 9 сынып оқушылары қатысып келді. Сынып жетекшісі Тулегенова Д.А.

https://www.instagram.com/p/DHJEwsWNDkz/?igsh=M3g0djNyeXZqM3Ji

16 наурыз – «Шаңырақ күні» . Шаңырақ күніне орай бастауыш сынып мұғалімдері мектеп оқушыларын өзіміздің ұлттық тағамымыз бауырсақ және наурыз көжемен мектеп оқушыларын қарсы алды. Іс-шараға бастауыш сынып мұғалімдері белсене атсалысып,қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DHSfG5ltKbg/?igsh=MjkycXdwaHNzd3cx

17 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні Осыған орай аналармен бірлесе "Ұлттық тағамдар фестивалі" тақырыбында қуырдақ, жент, балқаймақ тағамдарынан мастер класс көрсетілді.

https://www.instagram.com/reel/DHStwwytgIk/?igsh=MTZ4MmtrOGUwcW5rNw

17 наурыз – «Мәдениет және салт дәстүр күні» .Шәй дастарқанының басты асы — бауырсақ. «Бауырсақ» пати ұйымдастырылды. 5 сынып ата-анасы Имагамбетова М.А. ШИ бауырсақтың жасалу жолын түсіндіріп, пісіріп оқушыларға дәм татқызды.

https://www.instagram.com/reel/DHTA_nCtEnd/?igsh=b2dqNjM4ZHdmNmx6

18 наурыз күні 7-11 сынып оқушылары арасында мектеп медбикесі Кикимова М.Ф.,мектеп психологы Рыскулова А.К., әлеуметтік педагог Тулегенова Д.А. қыздар жиналысын өткізді. Жиналыста қыздарымызға ерте жүктілік пен зорлық – зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді.
https://www.instagram.com/p/DHVtjC7orSE/?igsh=MTBxbjd6aHpvaWtvcw==
18 наурыз- Ұлттық киім күні!1-4 сынып оқушылары арасында "Қош келдің,әз Наурыз" ертеңгілік өтті. Сынып жетекшілер ата-аналармен бірге ұлттық тағамдардан дастархан жайылды. Әр сынып наурыз тақырыбында тақпақ, ән, би өз өнерлерін көрсетті. Марқа көтеру, қыз қуу, арқан тарту ұлттық ойындар ойнатылды. Ата – аналар бесікке салу, құдалық, қырқынан шығару, тұсау кесу салт дәстүрінен көрсетті. Мернекелік іс-шара жоғары деңгейде өтті.
https://www.instagram.com/reel/DHXoDYnNxrH/?igsh=bHdzaXBzMnVrMXBr

3 тоқсан бойынша жетістіктер:

5 ақпан күні Целиноград ауданы «Жастар» бағдарламасына орай,қысқы Президенттік көпсайыстан оқушылар арасында өткен аудандық жарыстан жүлделі 2 орын алғаны үшін 9 сынып оқушысы Клишев Рүстем марапатталды. Жаттықтырушысы Серикбол Сүйінбай.

1 наурыз күні Астана қаласында өткен Халықаралық балалар мен жасөспірімдер "QAZAQ art" байқауына домбырашылар квартеті "Аспапта ойнау" номинациясы бойынша қатысып "Ерке сылқым" күйін орындап III орынға ие болды. Жетекшісі Асгап Жанарбек

Домбырашылар квартеті:

1. Мапышева Жанайым
2. Елубаева Динура
3. Аяпкалиева Айару
4. Тлех Алдияр.

1 наурыз күні Астана қаласында өткен Халықаралық балалар мен жасөспірімдер "QAZAQ art" байқауына вокалдық дуэт "Вокал" номинациясы бойынша 6 сынып оқушылары Аяп Аяна мен Тулегенова Інжу қатысып "Сүгірдің термесін" орындап II орынға ие болды. Жетекшісі Асгап Жанарбек

Оқушылардың сабаққа қатысуы – себепсіз 10 күннен аса босатқан оқушы жоқ. Денсаулық жағдайына байланысты оқушылар көп. Анықтама қағаздарымен келеді. Сабаққа кешігіп келетін оқушылар бар.

Келесі айға жоспар:

СӘУІР АЙЫ- ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК

1)«Қамқор» жобасы аясында 9,11-сынып оқушыларына арналған «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі

2) «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында дебат өткізу

3) Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы шеңберінде «Атадан-өсиет, анадан қасиет» 1-4, 5-6 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған шеберлік сынып сағаттары

МАМЫР АЙЫ- БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

1)Отан қорғаушылар күніне орай «Шабыт» жобасы аясында 8-10 сынып оқушыларына арналған «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі

2) Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы (презентация, бейнежазба, сайыс және т.б.)

Қорытынды:

Үшінші тоқсан бойынша атқарылған жұмыстар мектеп оқушыларының тәрбие деңгейін арттыруға ықпал етті. Тәрбиелік іс-шаралар балалардың әділдікке,жауапкершілікке ,бірлікке, мәдени дамуына ықпал етіп, олардың тәртібі мен белсенділігіне оң әсерін тигізді. Төртінші тоқсанға бағытталған жоспарлар таныстырылды.

4 тоқсан бойынша :7

Меткепішілік іс-шаралар -6

Біртұтас бағдарламасы-4

Сынып сағаты – 7

Алдын алу шаралалары- 3 (буллинг-2, қауіпсіз қоғам-1)

Құқықбұзулықтың алдын алу -1(ИДН)

Қыздар жиналысы-0

Профориентация-1

СӘУІР – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК АЙЫ

Апта дәйесөзі:

1 апта – «Бірлік жоқ болса, ұйым жоқ.
Ұйым жоқ болса, күнің жоқ».

2 апта – «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек». (Төле би)

3 апта – «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай

4 апта – «Еңбек –жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.» Абай

3 сәуір күні 1-11 сынып оқушылары арасында Республикаық акция аясында мектеп ауласын қоқыстан тазарту, мектеп оқушыларын еңбекке баулу мақсатында сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілікке мектеп оқушылары мен сынып жетекшілер қатысты. Әр сынып оқушылары белсене атсалысып қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DH2yr5NL88/?igsh=MXJwMmRjMjY0bHhwaw==

7 сәуір Дүниежүзілік денсаулық күніне орай денешынықтыру пән мұғалімдері спорттық сайыстар воллейбол өткізілді.

11 сәуір күні 5-9 сынып оқушылары арасында 12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай "Ғарыш әлемі"макеттер көрмесі өтті. Көрмеге 5,6,7,8 сынып оқушыларының макеттері қойылды.

https://www.instagram.com/reel/DITSjcvtNY5/?igsh=dm5vYmg3YzdiODdl

16 сәуір 2025 жылы мектебімізде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Жеңіс рухы – кітаптарда» атты кітап және сурет көрмесі ұйымдастырылды.Іс-шараның мақсаты – Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың ерлігін насихаттап, жас ұрпақтың бойында патриоттық рух, елге деген сүйіспеншілік пен тарихты құрметтеу

сезімін қалыптастыру.Көрмеге Ұлы Отан соғысына қатысты әдебиеттер, тарихи деректер, естеліктер мен батырлар туралы жазылған көркем шығармалар қойылды. Кітапханашы Имагамбетова М.А. оқушыларға көрмеге қойылған әдебиеттер бойынша кең көлемде оқырман шолуын жасап, мазмұны мен маңыздылығына тоқталды.Іс-шара барысында оқушылар ерлік, отансүйгіштік және батырлық туралы мәліметтермен танысып, батырлар туралы сұрақтар қойып, қызығушылық танытты.
https://www.instagram.com/reel/DIf8hYgNIer/?igsh=bG1mYTdjYnZyOTEw
2025 жылдың 10 сәуірі мен 6 мамыры аралығында республикалық деңгейде өтіп жатқан «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында бүгін мектебімізде жергілікті полиция инспекторы Узакбаев Азамат Амитжановичтің қатысуымен оқушыларға арнайы түсіндірме жұмысы жүргізілді.
Кездесу барысында полиция қызметкері оқушыларға:

- қоғамдық орындардағы тәртіп сақтау ережелері,
- түнгі уақытта заңды өкілсіз көшеде жүруге тыйым,
- интернет қауіпсіздігі,
- кибербуллингтің алдын алу,
- құқық бұзушылықтың салдары,
- мектептегі және көшедегі тәртіпке байланысты жауапкершілік

туралы нақты әрі түсінікті ақпараттар берді.
Инспектор өз сөзінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – тек тәртіп сақтау органдарының емес, барша қоғамның, әсіресе отбасы мен мектептің ортақ міндеті екенін баса айтты.
https://www.instagram.com/reel/DIf8WE2NIGH/?igsh=MXd4emdrdHI2cm81aw==
Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған "Қасым" тарихи драмалық фильмін бірге тамашалауға 5-11 сынып оқушыларына көрсетілді. Фильм – патриоттық рухты көтеріп, тарихты ұмытпауға үндейтін тәрбиелік мәні зор туынды.
https://www.instagram.com/reel/DIi52rdtYy0/?igsh=MnhyMnlvcjIwcWt6
23 сәуір күні "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында "Мамандық күні" тақырыбында 9- сынып оқушыларына ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫНЫҢ жоғары колледжінің мамандарымен кездесу ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/p/DIxw-7jNXI9/?igsh=NHFud2prcW9leWp0 23 сәуір – Ұлттық кітап күні!Үкімет қаулысымен 2024 жылы елімізде жаңа мереке 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып бекітілді. Атаулы күн Мемлекет басшысының үшінші Ұлттық құрылтайда қоғамда оқу мәдениетін дамыту жөнінде берген тапсырмасы негізінде енгізілді.Кітапханашы Имагамбетова М.А.
https://www.instagram.com/p/DIx75MNtAY5/?igsh=dDBoZWdud294aXll
Қамқор» жобасы және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған бұл экочелленджге 9 және 11-сынып оқушылары белсене қатысты. Түлектер мектеп ауласына ағаш көшеттерін отырғызып, оны өз аттарымен белгіледі. Бұл игі бастама түлектер үшін естелік әрі жауапкершілікке баулу мақсатында ұйымдастырылды. Экочеллендж барысында оқушылар экология тақырыбында шағын баяндама жасап, табиғатты қорғау жөніндегі пікірлерімен бөлісті. Мектеп директоры мен сынып жетекшілер оқушыларға жылы лебіздерін білдіріп, осындай дәстүрлі іс-шараның тәрбиелік мәнін атап өтті.

- Мектеп ауласында барлығы 10 түп ағаш отырғызылды (қайың, шырша т.б.).
- Іс-шараға 15-ға жуық түлек қатысты.
- Оқушылардың туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілігі артты.
- Мектеп ауласы көркейіп, жасыл желекпен толықты.

Арайлы ауылдық аймақ депутаты Жилкибаев Мекебай Тургаевич мектеп түлектерінің табиғатты аялауға бағытталған бастамаларын қолдап, «Қамқор» жобасы аясында ұйымдастырылған «Түлектердің ағаш егуі» экочеллендженіне қолдау білдіріп, демеушілік көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/DIybg9XNTIn/?igsh=cnU5encwaHF6Znpw

Ашық сабақ – Ұлы Отан соғысы батырларына тағзым!

🗓 Күні: 24.04.2025

📍 8-сынып

Тақырыбы: "Қазақстандықтардың Отан соғысы шайқастарына қатысуы" тақырыбында патриоттық рухтағы ашық сабақ .

⚔ Сабақ барысында оқушылар XX ғасырдың ең ауыр да азапты кезеңі – Ұлы Отан соғысы жайлы мағлұмат алды.

Қазақстаннан 1 миллион 200 мыңнан астам жауынгер майданға аттанғаны, оның ішінде елге оралмағандардың саны да айтылды.

🌟 Ерлікке толы мысалдар ретінде Бауыржан Момышұлының, Әлия мен Мәншүктің ерлігі кеңінен талқыланды. Бұл – ұлт рухының, ержүрек бабаларымыздың мәңгілік бейнесі!

🕊 Сабақтың басты мақсаты – ерлік пен батырлықты дәріптеп, жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру.

Қорытындылай келе, қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі – ұлт тарихының жарқын беті. Олар өздерінің батырлығымен, отансүйгіштігімен болашақ ұрпаққа бейбіт өмір сыйлады. Сондықтан біз олардың ерлігін ешқашан ұмытпауымыз керек.Тарих пәні мұғалімі Ермуханбетова К.С.

https://www.instagram.com/reel/DI3CYAzt-f2/?igsh=MWZpNTY3bWxvcjB6Yg==

28 сәуір күні «Атадан - өсиет, анадан - қасиет» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларына арналған сынып сағаттарын сынып жетекшілер өткізді.Сынып сағаттарының мақсаты — оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру, ата-анаға деген сүйіспеншілік пен сыйластықты қалыптастыру, отбасындағы тәрбиенің маңыздылығын түсіндіру.

Сынып сағаты барысында оқушылар:
- Ата-ана туралы мақал-мәтелдер жаттады,
- Ұлттық салт-дәстүрлерге қатысты сұрақ-жауаптармен жұмыс жасады,
- Өз ата-аналарына арнап алғыс сөздер мен өсиеттер жазды,
- Отбасы құндылықтары туралы ой бөлісті.

https://www.instagram.com/reel/DI-lHzktt-I/?igsh=MXVmNjQzaGxsZGJnaA==

📚✨ «Ауылға кітап ал» жобасы аясында мектебіміздің кітапханасына қазақ тіліндегі заманауи 50 жаңа кітап еріктілердің қолдауымен табысталды! Бұл кітаптар оқушыларымыздың білім көкжиегін кеңейтуге және оқу мәдениетін арттыруға үлкен

үлес қосады. Игі іске қолдау көрсеткен барша азаматтарға алғыс білдіреміз! Білімге бастар жол – кітаптан басталады! Ұйымдастырушы мектеп кітапханашысы Имагамбетова М.А.

https://www.instagram.com/reel/DI_C1fTNQdl/?igsh=end6dzcyYW81Y2Vm

29 сәуір күні Ы.Алтынсарин ЖОББМ КММ аудандық жас инспекторлар слеті өтті. Мектебімізден 7-8 сынып оқушылары қатысты. Слёт бағдарламасына кіретін 10 номинация: Саптық байқау (қатысушылардың саптық дайындық деңгейін бағалау), жол қозғалысы ережелерінің білгірлері (ЖҚЕ бойынша теориялық білім байқауы),велосипедті фигуралы жүргізу (велосипедті кедергілер арқылы дәл және шебер жүргізу байқауы),жас реттеуші (қатысушылардың жол қозғалысын реттеу ымдарын көрсетуі),жас санитар (алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары бойынша байқау),автоқалада велосипед жүргізу ,(жол белгілері мен ережелерін сақтай отырып, арнайы автоқалада велосипед жүргізу)агитбригада байқауы (жол қауіпсіздігі тақырыбында үгіт-насихаттық қойылымдар), эрудиттер турнирі (жол қозғалысы, қауіпсіздік және жалпы білім тақырыптарындағы интеллектуалды сайыс) өнер көрсетті. Қорытындысы бойынша «Командирдің рапорт беруі» номинациясы бойынша 2- орын Уалиев Ж 9-сынып оқушысы, «Жас санитар» номинациясы бойынша 3-орын Сапаралиева Жанель 8- сынып оқушысы, «Сайыс конкурс» номинациясы бойынша 3 орын агитбригада орындар алынды.
https://www.instagram.com/p/DJD7KzVN9Cv/?img_index=6&igsh=MWpqaGhlcmtwcDdrdw==
30 сәуір күні мектебімізде «Бірлік – береке бастауы» тақырыбында аудандық семинар өтті. Семинар қонақтарын 9-сынып оқушылары ұлттық дәстүрмен ерекше көңіл күймен қарсы алды. Ыстық бауырсақ, тәттілер, каравай сынды ұлттық тағамдар ұсынылып, береке мен мейірімнің дәмін сездірді. Қатысушыларға мереке қарсаңында достық пен татулыққа арналған жүрекжарды тілектер айтылды.Семинардың келесі бөлімі мерекелік концертке ұласты. Сахна төрінде:

✓ 5-6-сынып оқушыларының «Қазақ биі»,

✓ «Адай» күйі,

✓ 3-сынып оқушыларының «Әрқашан күн сөнбесін» әні,

✓ 6-сынып оқушылары Төлеген І. мен Аяп Аянаның орындауындағы «Жаса, Қазақстан!» әні көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

🕊 Бұл іс-шара бірлік пен достықтың маңызын дәріптеген, тәрбиелік мәні зор мазмұнды күн болды!

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Апта дәйексөздері:

1 апта – Бірлігі күшті ел озады.

2 апта - Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді

3 апта - «Талап бар жерде тәртіп бар».

4 апта – Талап тәрбие бастауы

5 мамыр күні 1-11 сынып оқушыларына «Буллингтен қорған!»тқаырыбында сынып сағаттары және Қауіпсіздік сабағы (10 минут)«Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану» ЖЖЕ №9 өтті. Мақсаты: Оқушылар арасында өзара сыйластықты қалыптастыру, буллингтің түрлері, оның салдары туралы ақпарат беру, оқушылардың қауіпсіз ортада білім алуына ықпал ету.

https://www.instagram.com/reel/DJRL0vPNvbJ/?igsh=d3I0ZmNycDYya2pt

7 мамыр — Отан қорғаушылар күніне орай мектеп оқушыларын таңертең ұстаздар мен сынып жетекшілері мерекелік көңіл күймен қарсы алды. Мерекелік әуен қосылып, ұл балаларға арнап жылы лебіздер мен құттықтау сөздер айтылды. Сынып қыздары өз сыныптастарына мерекелік сыйлықтарын тарту етіп, алғыстарын білдірді. Бұл іс-шара оқушылардың бір-біріне деген сыйластық сезімдерін арттырып, патриоттық рухты нығайтуға септігін тигізді.

Жауапты: қыздар ұйымы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Серикбаева Н.К.

https://www.instagram.com/reel/DJTQd9VNzRz/?igsh=dTNmYWMyazR4em15

Іс-шара атауы: «Ұрпақ тағзымы» – Гүл қою рәсімі

Мақсаты: Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым ету, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және тарихи жадыны сақтау.

Қатысушылар:

- Мектеп оқушылары мен ұстаздары
- Ауыл тұрғындары
- Ардагерлер мен тыл еңбеккерлері
- Ата-аналар мен қонақтар

Іс-шара барысы:

Салтанатты рәсім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталды. Жиналғандар бір минут үнсіздікпен майдан даласында қаза тапқан батырларды еске алды. Оқушылар мен ауыл тұрғындары ескерткішке гүл шоқтарын қойып, батыр бабалар рухына тағзым етті.

Іс-шара барысында оқушылар патриоттық өлеңдер оқып, соғыс жылдарындағы әндермен «Землянке» әніне көрініс көрсетілді. Гүл қою рәсіміне 8-сынып оқушылары Сапаралиева Ж., Қалди Е., 9-сынып оқушылары Булатов А., Уалиев Ж., Жұмат А мектеп оқушылары "Ұрпақ тағзымы" шарасы аясында құрметті қарауыл рәсімін орындап, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне тағзым етті.

Бұл – өшпес ерлік пен мәңгілік рух алдындағы ұрпақтың құрметі. Бұл рәсім жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді арттырып, тарихқа деген құрметті нығайтты.

https://www.instagram.com/reel/DJY_EIsNO8T/?igsh=bnlxdWRsNTJzZm82

Іс-шара атауы: «Қауіпсіз қоғам»

Өткізу күні: 2025 жылғы 12 мамыр

Қатысушылар: 1–11 сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, олардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

📌 Сынып сағатының мазмұны:

Апта дәйексөзі:

«Талап бар жерде, тәртіп бар»

Қауіпсіздік сабағы (10 минут):

Оқушыларға жазғы демалыс кезінде сақталуы тиіс қауіпсіздік ережелері түсіндірілді:

- Жолда жүру ережелері: Жолдан өту кезінде абай болу, бағдаршам мен жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану.

- Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас: Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, олардың ұсыныстарына келіспеу.
- Су айдындарында қауіпсіздік: Анық су көздерінде үлкендердің бақылауынсыз шомылмау, тек арнайы бөлінген орындарда шомылу.
- Электр құралдары мен отты пайдалану: Электр құрылғыларын қолданғанда абай болу, от жағуға тыйым салынатынын ескертілді.
- Көлік құралдарын пайдалану: Велосипед, самокат, электровелосипедпен жүргенде қорғаныс құралдарын (шлем, тізе және шынтақ қорғағыштары) қолдану қажеттілігі айтылды.

📣 Ата-аналар мен оқушыларға үндеу:

Балалар демалысын пайдалы әрі қауіпсіз өткізу – ортақ міндетіміз! Ата-аналарға балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар берілді.

Жауапты: Сынып жетекшілері

https://www.instagram.com/p/DJihOx8oWQl/?igsh=MW9mZmJ5OXh1eXJ4Zw==

2025 жылдың мамыр айында мектебімізде 1–11 сынып оқушыларына арналған «Үнемді тұтыну» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жадынама таратылды.

Аталған шара барысында оқушыларға: электр энергиясын,суды,тамақ өнімдерін, мектеп мүлкін үнемдеп пайдаланудың маңыздылығы туралы кеңінен түсіндіріліп, қоршаған ортаны қорғау мәдениеті мен ұқыптылыққа тәрбиелеу жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың бойында тұтыну мәдениетін қалыптастыру, табиғи ресурстарды сақтау, мектеп мүлкіне ұқыптылықпен қарау, және қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру.

https://www.instagram.com/p/DJi13M6N33l/?igsh=M2szYW95cGh0YWx6

19 мамыр күні 5–8 сынып оқушыларынан жүрекжарды хат! Жазғы демалыс қарсаңында 5–8 сынып оқушылары құқық қорғау саласы қызметкерлеріне өз алғыстарын білдіріп, «Полиция – біздің қорғанымыз» тақырыбында хаттар жазды.Балалар өз хаттарында полиция қызметкерлерінің еңбегін құрметтейтіндерін, тәртіп сақшыларын батыр әрі ел тыныштығының күзетшілері ретінде көретіндерін жазды. Сонымен қатар, қауіпсіздікке байланысты тілектерін білдіріп, жаз мезгілінде өзін-өзі қорғау ережелері туралы өз ойларымен бөлісті.

〇 Бұл бастама оқушылардың құқықтық мәдениетін арттырып, полиция қызметіне деген сенімді нығайтуға бағытталды.

https://www.instagram.com/p/DJ0863bNAIO/?igsh=MWFvazJiZ3gwYmk5cQ==

20 мамыр күні 5–11 сынып оқушыларына **«Білімім – Отаныма!»** атты республикалық сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру, азаматтық жауапкершілік пен отансүйгіштік қасиеттерін дамыту, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын насихаттау.

Сынып сағатының барысы:

- ҚР Әнұранын орындау
- ҚР Оқу-ағарту министрінің құттықтауын тыңдау
- Оқу жылы ішіндегі жетістіктер туралы бейнеролик көрсету

- Эссе жазу тапсырмасы

Эссе тақырыптары:

- 5–9 сыныптар: «Заң және тәртіп» тақырыптық бағыты
- 10–11 сыныптар: «Адал азамат» тақырыптық бағыты

Үздік эссе негерлері:

- 8-сынып оқушысы Советұлы Мансұр
- 8-сынып оқушысы Туленова Гүлайым
- 9-сынып оқушысы Басистая Маргарита,Тулегнова Улпан.
- 11-сынып оқушысы Байділда Жібек

Қорытынды: Бұл оқушылардың эсселері мазмұнының тереңдігімен, ой тұжырымдарының нақтылығымен және «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын терең түсініп, шебер жеткізе білуімен ерекшеленді. Олар мектеп атынан аудандық деңгейдегі байқауға ұсынылды

https://www.instagram.com/p/DJ3ztPZNrur/?igsh=em15ZXJ5ZTRiY2hv

https://www.instagram.com/p/DJ3y46jNtX4/?img_index=4&igsh=cmpjYnN5bmhnY2lp

Қорытынды:

4-тоқсан барысында жоспарланған тәрбие жұмыстары толық көлемде жүзеге асырылып, оқушылардың азаматтық, рухани-адамгершілік, құқықтық, салауатты өмір салтына деген көзқарастары қалыптасты. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайтылды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жүргізілген жұмыстар есебі

2024-2025 оқу жылы

Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасына сай мектебімізде АПҚО -да оқитын ата-аналарға арналған сабақтардың жоспары құрылды. Жоспарға сай ата-аналарға арналған сабақтардың өтілуі сынып жетекшілерге жүктелді. Әр айдың бірінші сәрсенбісінде сабақ кестесіне сай ата-аналармен сабақтар жүргізіледі. Ата-аналарға арналған сабақтар тақырыптары мен жоспары АПҚО әдістемелік нұсқаулықтан алынады.

Оқу жылы басында ата-аналар комитетінің мүшелерінен «Даналық» мектебі құрылды. Даналық мектебінің құрамы ата-әжелер, ата-аналардан тұрады. Даналық мектебі өскелен ұрпағымызға үлгі ретінде құрылған мәдени жүйе.

"Даналық мектебі" клубы қызметінің мақсаты— аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық тәжірибесін таратуға ықпал ету.

Іс-шаралар:

20 карашада мектебімізде алғаш рет " Ата-ананың мектептегі бір сабағы" атты авторлық жобаның алғашқы конағын карсы алдық. 7 - сынып оқушысы Әминаңұрдың анасы Маржан Төлеуғажықызы оқушыларға нарықтағы көп сұраныска ие "капкейки" жасауды үйретті, Маржан ханым сертифицированный кулинар маман иесі! Ата-ана мен бала арасындағы байланыс, ұрпактар сабақтастығы керемет көрініс тапты. Жоба авторы : Мусина Асия Нурлановна, педагог - зерттеуші, 7-сынып жетекшісі

https://www.instagram.com/reel/DCvOufltVve/?igsh=MWRvcXlmbzdtY285dg==

2 желтоксан күні 7 сынып жетекшісі Мусина А.Н. ата-ананың мектептегі бір сабағы жобасы аясында «Жасөспірімдер арасындағы катыгездіктің кең таралуы және оған әсер ететін факторлар» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен Мырзабек Зерде Берікқызы кала психологымен кездесі өтті.
https://www.instagram.com/p/DDEQ0v-N0oK/?igsh=a3FlM2p2bDBvcWF5

"Ата-ананың мектептегі бір сабағы" жобасы жалғасын табуда. 5.12.24 күні 7-сынып оқушысы Анаева Алиманың анасы Анаева Жанна Сагиткызы "Шоппер тігу" шеберлік сабак өткізді. Жанна Сагиткызы жеке кәсіпкер, дизайнер-модельер, көп балалы ана! Мектеп оқушыларына "Шоппер" тігудің онай жолдарын көрсетті және 1 оқушымыз өзіне шоппер тігіп әкетті.Бұл сабактың максаты - ата - ана мен балалар арасындағы карым - катынасты нығайту, өнерге баулу және отбасылық құндылыктарды арттыру.Өткізген :Мусина Асия Нурлановна, педагог - зерттеуші, 7-сынып жетекшісі

https://www.instagram.com/reel/DDOhT51NHET/?igsh=bDQwNWp3bnh2MGd0

Мектептің қамқоршылық кеңесі

Мектепте ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілдерінен тұратын Қамқоршылық кеңесі құрылды. Қамқоршылық кеңестің функциялары:

1) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттарын үйлестіреді;

2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға білім беру ұйымының жұмысында Қамқоршылық кеңес анықтаған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) білім беру ұйымының бюджетін калыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

4) білім беру ұйымының жарғысына және ішкі қағидаларына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді үйлестіреді;

5) білім беру ұйымы таңдаған оқу жылының басталуы мен аяқталуының баламалы күндерін келіседі;

6) білім беру ұйымдарының эксперименттік білім беру бағдарламаларын келіседі;

7) тиісті деңгейдегі уәкілетті органның аттестаттау комиссиясын білім беру ұйымының басшысына біліктілік санатын беру (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өту үшін оның жұмысының нәтижелері бойынша ұсыным хатпен қамтамасыз етеді;

8) білім беру ұйымына қайырымдылық көмек түрінде алынған қаржы ресурстарын бөлу туралы келіседі және хаттамалық шешім қабылдайды, оның мақсатты жұмсалуы туралы, демеушілік, қайырымдылық көмек көрсетудің бағыттарын, нысандарын, мөлшерлерін және пайдалану тәртібін таңдау туралы шешім қабылдайды. және басқа да көмек;

9) жыл ішінде оқу-сауықтыру орталығына жіберілген білім алушыларға кандидаттардың тізімдерін келіседі;

10) білім алушылардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады, олардың құқықтарын қорғауға, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

11) санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуын, тамақ өнімдерінің сапасын, ішу режимін, іргелес аумақтың жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

12) жылына кемінде 2 (екі) рет білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы есептерін тыңдайды;

13) өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларды қолдауға және материалдық-техникалық базаны нығайтуға білім беру ұйымына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалуын бақылауды жүзеге асырады;

14) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ балаларды қолдау жөніндегі шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді; дарынды балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері;

15) білім беру ұйымының әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іскимылды жүргізуге жәрдемдеседі;

16) оқу жылы ішінде 1 (бір) рет білім алушылардан және ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдерден жасырын сауалнама жүргізу арқылы білім беру ұйымындағы білім алушылардың оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне мониторинг жүргізеді;

17) білім беру ұйымының хобби үйірмелеріне және спорт секцияларына ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жұмысқа орналасуына жылына 1

18) (бір) рет мониторинг жүргізеді;

19) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесін бақылайды;

20) педагогикалық ұжымға оқушылардың отбасымен жұмыс істеуге жәрдемдеседі және қажет болған жағдайда білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп жалпы ата-аналар жиналысын өткізеді;

21) білім беру ұйымының әкімшілігіне білім алушылар арасындағы қылмыстың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, қайыршылықтың, қорлаудың, ойынға құмарлықтың алдын алуда көмек көрсетеді;

22) білім алушылар арасында тәртіпті нығайтуға және оқытушылар, студенттер, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындайтын жанжалдарды шешуге ықпал етеді;


23) білім беру ұйымдарының қызметі мәселелері бойынша мәдени-сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізуге жәрдемдеседі;

24) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

25) 2024-2025 оқу жылында Қамқоршылық кеңестің 4 отырысы өтті. Кездесулерде әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтандыру, сондай-ақ қайырымдылық жаңа жылдық сыйлықтар беру, 8 наурыз, Отбасы күні мерекелерін бірлесіп өткізу мәселелері қаралды.







ДТІЖО:Серикбаева Н.К.